

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 ж. қыркүйектегі Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 қаңтар N 26

Қазақстан Республикасы Президентінің Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен шарттарды жүзеге асыру және Қазақстан-Италия ынтымақтастығын дамыта түсуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 ж. қыркүйектегі Италия Республикасына ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін /қоса беріліп отыр/.
2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы қаласының әкімдері іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмалардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қабылдайтын болсын.
3. Баспасөз және ақпарат министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесе отырып, сапар барысында қол жеткен келісімдер мен шарттардың жүзеге асырылу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын болсын.
4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетін жылына кем дегенде бір рет хабардар етіп отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 қаңтардағы

№ 26 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 ж.

қыркүйектегі Италия Республикасына ресми сапары
барысында қол жеткен келісімдер мен шарттардың
жүзеге асырылуы жөніндегі іс-шаралар

ЖОСПАРЫ

1. N рет саны
2. Құжаттың атауы
3. Іс-шаралар мазмұны
4. Жауапты орындаушылар
5. Орындалу мерзімі

-
1. I
 2. Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынас принциптері туралы бірлескен Декларация
 3. халықаралық қауіпсіздік, қорғаныс, ядролық қаруды таратпау, Еуропалық одақпен байланысты дамыту салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындау
 4. Сыртқы Істер Министрлігі, Қорғанысмині, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет
 5. 1995 ж. I тоқсаны

1. 2.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы пайдаға салынатын салық және салық салудан босатуға қатысты екі еселенген салық салуды болдырмау жөніндегі Конвенция
3. денсаулық сақтау және экология саласындағы ынтымақтастық

бағдарламасын әзірлеу

ұйымдасқан қылмысқа, контрабандаға, есірткі сатуға және терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен түрлерін айқындау

Қаржы және сауда-экономика саласында италия жағымен өзара іс-қимыл жасасудың нақты үлгісін айқындау

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде Конвенцияны бекіту туралы ұсыныс енгізу

қазақстан-италия сауда-экономикалық ынтымақтастықтығы шеңберінде Конвенция ережелерін орындау тетігін әзірлеу және бақылауды жүзеге асыру

4. Денсаулықмині. Экобиоресурстармині

Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қаржымині, Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Ұлтбанкi

Қаржымині, Сыртқы істер министрлігі

Қаржымині, Меммүлікком, Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині

5. 1995 ж. ақпан

1995 ж. ақпан

1995 ж. ақпан

1995 ж. I тоқсаны

тұрақты түрде

1. 3

2. Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Декларация

3. италия жағымен сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Екіжақты үкіметаралық комиссия құру мәселесін пысықтау

ынтымақтастықтың ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі бағыттарын айқындау

энергетика, табиғи ресурстарды пайдалану саласында екіжақты ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу

4. Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині, Энергомині,

Мұнайгазөнеркәсіпмині, Сыртқыістермині

Ауылшармині

Энергомині, Мұнайгазөнеркәсіпмині, Геологиямині

5. 1995 ж. I тоқсан

1995 ж. ақпан

1995 ж. ақпан

1. 4

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы іс-қимыл және инвестицияны қорғау туралы Келісім

3. қолдау мен инвестицияны қорғау саласындағы ынтымақтастық мәселелерінің тұтас кешені бойынша жұмыстарды үйлестіру үшін сарапшы кеңесшілердің құрамын түзу

Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі негізгі бағыттары мен ынтымақтастықтың бағдарламасын айқындау және италия жағына беру үшін ұсыныстар әзірлеу

Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде бекіту туралы ұсыныс енгізу

жәрмеңке-көрмелер, арнаулы экспозициялар өткізу бағдарламасы жөнінде ұсыныс әзірлеу және енгізу

ақпарат алмасу, қызмет көрсету саласында, сондай-ақ жекеменшік құқын қорғау, патенттер мен авторлық құқық төңірегінде ынтымақтастықты жүзеге асыру

4. Экономмині, Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Сыртқыістермині

ҚазАҚА, Қазпатент, Ұлтбанкi

Экономмині, Қаржымині, Сыртқыістермині

Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині, "Атакент" АҚ

Сауда-өнеркәсіп палатасы

Қаз АҚА. Қазпатент. Сыртқыістермині

5. 1995 ж. қаңтар

1995 ж. ақпан

1995 ж. II тоқсан

1995 ж. I тоқсан

тұрақты түрде

1. 5

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым және технологиялар саласындағы

ынтымақтастық туралы Хаттама

3. Хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен бағдарламасын айқындау және италия жағына беру үшін ұсыныс әзірлеу
4. Ғылыммині. Біліммині. Қазақстан Республикасының ҰҒА
5. 1995 ж. I тоқсаны
1. 6
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Италия Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы консультациялар туралы Хаттама
3. екіжақты консультациялар әзірлеу және өткізу үшін Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарын тарта отырып, Сыртқы істер министрлігінің жұмыс тобын құру
4. Сыртқыістермині
5. 1995 ж. I тоқсаны